

КОПИРАЙТИНГ

2-сабақ



Дайын болсақ кеттік!

LANDING PAGE – БІР БЕТТІК САЙТ

LANDING PAGE

БІР БЕТТЕН НЕМЕСЕ БІРНЕСЕ БЛОКТАН ТҰРАДЫ

САЙТТЫҢ БІРІНШІ БЕТІ:

- ОФФЕР
- СУРЕТТЕУ
- СТА
- ФОТО

OFFER

КЛИЕНТ БАС ТАРТА АЛМАЙТЫН ҰСЫНЫС

1-НҰСҚА

ТЕЛЕФОНДЫ ТЕЗ ӘРІ ОҢАЙ ЖӨНДЕП БЕРЕМІЗ

2-НҰСҚА

**30 МИНУТТА ТЕЛЕФОНЫҢЫЗДЫ 100 % ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІП,
СЫЙЛЫҚҚА ҚОРҒАНЫШ СТЕКЛОСЫН ЖАПСЫРЫП БЕРЕМІЗ!**

ЕНДІ ҚАЙ КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖҮГІНЕСІЗ,
ОЙЛАНЫП КӨРІҢІЗ?!

ЕНДІ СІЗГЕ ӨТІМДІ ОФФЕР ЖАЗУДЫҢ БІРНЕШЕ
ФОРМУЛАСЫН ТҮСІНДІРЕ КЕТЕЙІН!

ОФФЕР - КОПИРАЙТЕРДІҢ ЕҢ МЫҚТЫ ҚАРУЫ.

СОНДЫҚТАН, ҰЙЫҚТАП ОТЫРСАҢЫЗ ОЯНЫҢЫЗ! АЛДА ДАУЫЛ)

4U ФОРМУЛАСЫ

- **USEFULNESS (ПАЙДАСЫ)** – ӨНІМІҢІЗДІҢ КЛИЕНТКЕ БЕРЕТІН ПАЙДАСЫ
- **UNIQUENESS (ЕРЕКШЕЛІГІ)** – ӨНІМІҢІЗДІҢ БӘСЕКЕЛЕСТЕРІҢІЗДЕН ЕРЕКШЕЛІГІ
- **ULTRA – SPECIFICITY (НАҚТЫЛЫҚ)** – ӨНІМІЗДІҢ КЛИЕНТКЕ БЕРЕТІН НАҚТЫ ПАЙДАСЫ
- **URGENCY (ЖЫЛДАМДЫҚ)** – ӨНІМІҢІЗ КЛИЕНТТІҢ ҚАЛАУЫН ҚАНША УАҚЫТТА ОРЫНДАЙТЫНЫН ЖАЗЫҢЫЗ

« НЕЙРО – КОПИРАЙТИНГ » КУРСЫ АРҚЫЛЫ, (ЕРЕКШЕЛІК)

3 КҮНДЕ (АЗ УАҚЫТТА)

НАРЫҚТА СҰРАНЫСЫ ЖОҒАРЫ КОПИРАЙТЕР АТАНЫҢЫЗ (ПАЙДА)

- ОФФЕРГЕ АЛЫП ҚОСАРЫҢЫЗ БОЛСА, ЕКІНШІ БЛОК ОПИСАНИЕГЕ ЖАЗЫП ҚОЙСАҢЫЗ БОЛАДЫ!
- БАС ТАРТА АЛМАЙТЫН ҰСЫНЫСТАН СОҢ, ТОЛЫҒЫРАҚ БІЛГІСІ КЕЛЕТІН АДАМДАР ҮШІН ОПИСАНИЕГЕ АҚПАРАТ ҚАЛДЫРАСЫЗ!

МЫСАЛЫ, ЖЕҢІЛДІКТЕРГЕ ҮЛГЕРУ ҮШІН, БОНУСТЫ АЛУ ҮШІН Т.С.С

СТА – ӘРЕКЕТКЕ ШАҚЫРУ

МІНДЕТТІ ТҮРДЕ: САЙТҚА ӨТ, ПІКІР ҚАЛДЫР Т.С.С

CALL TO ACTION

- САЙТ
- БАННЕР
- ПОСТ
- САТЫЛЫМДЫҚ МӘТІНДЕ ДЕ ҚОЛДАНЫЛАДЫ!

СОҢҒЫ ЭЛЕМЕНТ – ФОТО
ӨНІМНІҢ ФOTOSЫ БОЛУЫ ҚАЖЕТ!

САЙТҚА НЕ ЖАЗАТЫНЫМДЫ ТҮСІНІП АЛСАҚ,
10 МИНУТ ҮЗІЛІСКЕ ШЫҒЫП КЕЛЕЙІК

САТАТЫН ВИДЕОҒА СЦЕНАРИЙ ЖАЗУ ФОРМУЛАСЫ

ВИДЕО ҮШ БӨЛІМНЕН ТҰРАДЫ:
ӘДЕТТЕГІДЕЙ, БАСЫ, ОРТАСЫ, СОҢЫ

ВИДЕОНЫҢ БАСЫ БІРДЕН БОЛЬҒА ТИЮ

НИША: АЛТЫН ДҮКЕНІ

- АНАҢДЫ ҚАЛАЙ ҚУАНТАРЫҢДЫ БІЛМЕЙ ЖҮРСІҢ БЕ?
- СҮЙІКТІҢЕ ЕСТЕ ҚАЛАТЫН ЕРЕКШЕ СЫЙЛЫҚ ЖАСАҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?

**ЕГЕР ЖИЫРМА МЫҢ ТЕҢГЕНДІ ҮНЕМДЕГІҢ КЕЛСЕ,
ВИДЕОНЫ СОҢЫНА ДЕЙІН КӨРУГЕ КЕҢЕС БЕРЕМІН!**

ВИДЕОНЫҢ ОРТАСЫ:

**КЛИЕНТТИҢ НАЗАРЫН АУДАРТЫП АЛҒАН СОҢ,
ВИДЕОНЫҢ ОРТАСЫНДА ӨНІМ ТУРАЛЫ ТОЛЫҒЫРАҚ АЙТАМЫЗ**

ОНЫ НАҚТЫ ФАКТ НЕМЕСЕ ЦИФРЛАР АРҚЫЛЫ ЖЕТКІЗГЕН ДҰРЫС

**3 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ 32 МЫҢ
АДАМНЫҢ АЛҒЫСЫН АЛДЫҚ**

ВИДЕОНЫҢ СОҢЫН ҚАЛАЙ АЯҚТАЙМЫН?

ӘДЕТТЕГІДЕЙ, СТА – ӘРЕКЕТКЕ ШАҚЫРУ

АЛҒАШҚЫ 10 ТАПСЫРЫС БЕРУШІГЕ ЖЕТКІЗІП БЕРУ ТЕГІН

**САЙТҚА ЖӘНЕ ВИДЕОҒА САТЫЛЫМДЫҚ МӘТІН
ЖАЗУДЫ ТҮСІНЕ АЛДЫҚ ПА?**



ЕНДЕШЕ, ТАРГЕТКЕ ЖІБЕРЕТІН
БАННЕРГЕ АРНАЛҒАН ОФФЕРГЕ
КЕТТІК

4P

- P – PICTURE (ТАУАР/ҚЫЗМЕТТІ КЛИЕНТ ҚЫЗЫҒАТЫНДАЙ ЕТІП СУРЕТТЕУ)
- P – PROMISE (ТАУАР/ ҚЫЗМЕТТІҢ САПАЛЫ ЕКЕНІНЕ УӘДЕ БЕРУ)
- P – PROVE (НАҚТЫ ДӘЛЕЛ КЕЛТІРУ)
- P – PUSH (ӘРЕКЕТКЕ ШАҚЫРУ)

4Р МЫСАЛ

ТАПСЫРЫСТАН ТАПСЫРЫС! КӨЛ КӨСІР АҚША. ИӘ, ТЕЗ АРАДА ТАБЫСТЫҢ АСТЫНДА ҚАЛАТЫН, КЛИЕНТ ӨШІРЕДКЕ ТҰРАТЫН КУЛИНАР БОЛҒЫҢ КЕЛЕ МЕ? МИШЛЕН ЖҰЛДЫЗЫНА ҮМІТКЕР БОЛҒАН ПӘЛЕНШЕНІҢ КУРСЫНА ЖАЗЫЛ ДА, БАРМАҒЫНАН ЮАЛ ТАМҒАН АСПАЗ АТАН! КУРСТАН СОҢ ТАПСЫРЫС ҚАРША ЖАУСА – ТАҢҒАЛМА!

ӘЛІ ДЕ ҚОЛЫМНАН КЕЛМЕЙДІ-АУ ДЕП ҚОРҚЫП ТҰРСЫҢ БА? СЕН ОЙЛАНЫП ОТЫРҒАНДА АЛҒАШҚЫ 100 ТҮЛЕК АПТАСЫНА 100 МЫҢ ТЕҢГЕ ТАБАТЫН ЭЛИТНЬЙ КУЛИНАРҒА АЙНАЛЫП ҮЛГЕРДІ.

ТОЛЫҒЫРАҚ БІЛГІҢ КЕЛСЕ, ТЕГІН КОНСУЛЬТАЦИЯҒА ЖАЗЫЛ!

ODS ФОРМУЛАСЫ

- O – OFFER. ЕҢ ТИІМДІ ҰСЫНЫС
- D – DEADLINE. УАҚЫТПЕН ШЕКТЕУ
- C – CALL TO ACTION .ӘРЕКЕТКЕ ШАҚЫРУ

ODS МЫСАЛ

**БАР ЖОҒЫ БІР АЙДА ПАРАҚШАҢДЫ ДАМЫТЫП, ЕҢ КЕМІ
1 МИЛЛИОН ТАБЫСҚА ШЫҚҚЫҢ КЕЛЕ МЕ?**

- ОҚЫРМАН САНЫН АРТТЫРУ
- БЕЛСЕНДІЛІКТІ КӨТЕРУ
- ТИІМДІ ТАРГЕТИНГ

МҰНЫҢ БӘРІН СЕН «ИНСТА ГУРУ» ИНТЕНСИВІНДЕ ИГЕРІП АЛАСЫҢ!

**АЛҒАШҚЫ ЖАЗЫЛҒАН 10 АДАМҒА «ИНСТА МАСКА» КУРСЫ
СЫЙЛЫҚҚА БЕРІЛЕДІ. ЖЫЛДАМ ТІРКЕЛ!**

PSC ФОРМУЛАСЫ:

- P – PROBLEM. КЛИЕНТ ӨЗІН КӨРЕТІН ЖАҒДАЙ
- S – SOLUTION. ШЕШІМ ҰСЫНУ
- C – CALL TO ACTION. ӘРЕКЕТКЕ ШАҚЫРУ

РSC МЫСАЛ

КАРАНТИН ШАРШАТЫП, ОНЛАЙН ОҚУ ЖҮЙКЕНІ ЖҰҚАРТЫП ЖІБЕРДІ МЕ? БАЛАМЕН САБАҚ ОҚУ МҰНШАЛЫҚТЫ АУЫР ДЕП ОЙЛАМАҒАН ШЫҒАРСЫЗ? АЛ НӘТИЖЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ? СОНША КҮШ САЛҒАНДА БАЛА ҮЛГЕРІМІ ЖАҚСАРДЫ МА?

«РЕПИТИТОР» ОРТАЛЫҒЫ СІЗДІҢІ БАЛАҢЫЗҒА ЛАЙЫҚТЫ ҰСТАЗ ТАУЫП БЕРЕДІ. ТЕК БИЫЛ ҒАНА 500 ОҚУШЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАП, ҮЛГЕРІМДІ 50% АРТТЫРҒАН ҰСТАЗДАРҒА СЕНІМ АРТЫҢЫЗ! БІЗДЕ МЕКТЕПТЕГІ ТӘЖІРИБЕСІ 15 ЖЫЛДАН АСАТЫН МҰҒАЛІМДЕР ҒАНА ТІРКЕЛГЕН!

ІСТІ ӨЗ МАМАНЫ ТАПСЫРАМЫН ДЕСЕҢІЗ, НӨМІРІҢІЗДІ ҚАЛДЫРЫҢЫЗ!

AIDA ФОРМУЛАСЫ

- A – ATTENTION, НАЗАР АУДАРТУ
- I – INTEREST, ШЕШІМ ҰСЫНУ
- D – DESIRE, ҚҰШТАРЛЫҒЫН АРТТЫРУ
- A – ACTION, САТЫП АЛУҒА ИТЕРМЕЛЕУ

AIDA МЫСАЛ

**ЖАҢА ҚОНЫСЫҢА ДИЗАЙНЕРЛІК ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗ ДЕ,
+ АВТОРЛЫҚ ДИЗАЙНЕРЛІК ЖОБАНЫ СЫЙЛЫҚҚА АЛ!**
СӨЙТІП, ПӘТЕР ЕМЕС, ПАТША САРАЙЫ, ЯҒНИ АРМАНДАҒЫ АҚ ҮЙГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗ.

**БАҒАСЫ КЕЛІСІМДІ
ЖҰМЫСТЫ ҚАБЫЛДАҒАН СОҢ ҒАНА ТӨЛЕМ ЖАСАЙСЫҢ
5 ЖЫЛ КЕПІЛДІГІ ЖӘНЕ БАР!**

«ПОДРОБНЕЕ» БАС ТА, ТІРКЕЛ, ТЕГІН КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛ!

AIDA МЫСАЛ

- A – ATTENTION, НАЗАР АУДАРТУ
- I – INTEREST, ШЕШІМ ҰСЫНУ
- D – DESIRE, ҚҰШТАРЛЫҒЫН АРТТЫРУ
- A – ACTION, САТЫП АЛУҒА ИТЕРМЕЛЕУ

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ !